



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 38 (8022) 31 қазан, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақ орда

Дербес ел болуға жол ашқан қастерлі күн

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақордада Республика күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі

Жаңа тұрпатты мемлекет болу жауапкершілігі

– Ұлттық мейрам қарсаңында дәстүрге сай Ақорда төрінде мемлекетіміздің үздік азаматтарымен бірге жиналып отырмыз. Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады. Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі. Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады», деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет пен қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен қатар келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік мақсаттарға ұмтыламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының айтуынша, осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері аз емес. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекітіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетіп отыр.

Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолы-

мызбен жүріп келеміз. Кейінгі жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Кассациялық сот жүйесі іске қосылды, бұл қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады.

Әділетті Қазақстанды құру жолында басқа да нақты шаралар қолға алынды. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсенді түрде араласа бастады. Ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланатын болды. Ауыл әкімдерінің барлығы, ал аудан әкімдерінің 25 пайызы жаңарды. Осылайша, билік жүйесі айтарлықтай өзгерді. Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Ашығын айтсақ, осы аймақтағы билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс ешқашан болмаған.

– Біз бір ел болып саяси реформаны табысты іске асырып жатырмыз, соның нәтижесі ретінде қоғамда түбегейлі жаңғыру үдерісі басталды. Реформала-рымызды жүзеге асыруға барша адамзат үшін аса қиын, күрделі кезеңде кірістік. Пандемия, алпауыт елдердің санкциялық текетіресі, қалыптасқан сауда жолдарының бұзылуы, түрлі қақтығыстар мен соғыстар әлем елдерінің дамуына орасан зор шығын келтірді. Бұл жағдайлар Қазақстанға да салқынын тигізді. Дегенмен біз қажетті ша-

(Жалғасы 3-бетте).

* Мереке мерейі

Ақтоғай аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының күніне арналған салтанатты жиналыс өтті.

Биыл Мемлекеттік егемендік туралы декларация қабылданғанына 35 жыл толып отыр. 1990 жылдың дәл осы күні «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» қабылданып, еліміздің Тәуелсіздікке

бірлігін сақтау жолындағы еңбектің маңыздылығын атап өтті:

– Республика күні – бұл еліміздің тәуелсіздікке бастар алғашқы қадамын айқындаған тарихи күн. Егемендік – біздің басты байлығымыз, мемлекетіміздің берік іргетасы. Бүгінгі мереке – әр қазақстандықтың бойында отансүйгіштік пен жауапкершілік сезімін оятатын, ел мен жерге деген

Республика күні – егемен елдің мақтанышы



сүйіспеншілікті арттыратын мереке.

Ақтоғайлықтар да еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді. Баршаңызға зор денсаулық, баянды бақыт және Отанымыздың гүлденуі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін, – деп жиналған көпшілікті құттықтап, еліміздің Тәуелсіздігін нығайту жолында еңбек етіп жүрген

бастар алғашқы тарихи қадамы жасалған болатын. 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бұл күнге ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді. Содан бері Республика күні ел бірлігі мен егемендік идеясын дәріптейтін маңызды мереке ретінде аталып келеді. Мемлекеттік Әнұран орындалды. Салтанатты шара барысында аудан әкімі Абылай Базылұлы аудан тұрғындарын Республика күнімен құттықтап, елдің егемендігі мен

азаматтарға ризашылығын білдірді.

Мерекеге орай облыс және аудан әкімдерінің атынан бірқатар еңбек адамдары мен сала үздіктері марапатталды.

Облыс әкімінің Алғыс хаты Шажалиев Батыржан – Ақтоғай аудандық орталық ауруханасының директоры, Төребекова Айнакүл – еңбек ардагері, Садиков Мейіржан – «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ диспетчері.

(Жалғасы 2-бетте).



AQTOĞAI AJARY

2026 жылға жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03
Kaspi GOLD

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

Жеке жазылушылар үшін

индексі – 65031,
1 жылға – 7084,44 теңге
6 айға – 3542,22 теңге

Мекеме, ұжымдар үшін

индексі – 15031,
1 жылға – 8084,40 теңге
6 айға – 3542,22 теңге



aktogai_red@mail.ru



[Aktogai_ajary](https://www.instagram.com/aktogai_ajary)



www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Аудан әкімінің Құрмет грамотасы
Күземханов Талғатбек – ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы, Сыздықова Дамагүл – Т.Ақышұлы атындағы НОМ вахтері, Насифова Күралай – Ж.Кеңесбаев атындағы ЖОББМ шаруашылық меңгерушісі, Иманмусина Несіпқайша – Ақши НОМ вахтері, Карыпбекова Гүлжайнат Ортадересін ЖББМ шаруашылық меңгерушісі, Смаилова Айнұр – «Айгөлек» бөбекжайы тәрбиешісі, Қасымова Марал – К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің зертханашысы, Ақжжанова Айжан – Ә.Ермеков атындағы ЖББМ іс қағаздарын жүргізуші, Майтасова Гүлнар – Абай атындағы мектеп-интернатының іс қағаздарын жүргізушісі, Омашева Баян – аудандық ветстанцияның бас есепшісі, Есенбаев Нұрлан – жедел-жәрдем пункті жүргізушісі. Тұрғанбеков Бауыржан – аудандық аурухана күзетшісі,

Есенов Қанат – «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ механизаторы, Ошақбаев Саттар –

кітапханашылар күні – руханият қызметкерлеріне құрмет көрсетілді. Аудан әкімінің Құрмет грамотасы:



«АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы төрағасы, Каленов Нұрғазы – еңбек ардагері. Сонымен қатар бір топ ауыл азаматтары аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Ұлық мерекемен қатар келген,

Мағден Айжан – Ақтоғай аудандық ОКЖ жүйелі технигі марапатталса, аудан әкімінің Алғыс хатымен Жолдасбаева Жаннұр – Ақжарық ауылдық кітапханашының кітапханашысы, Бейсекеева Анар – Тасарал ауылдық

кітапханашының кітапханашысы, Мақсұтова Тоғжан – Шашубай кент кітапханашының кітапханашысы марапатталды.

Қазан айының соңғы жексенбісі – Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні болған-дықтан, салтанатты шарада әлеуметтік шара қызметкерлерінің аттары құрметпен аталды. Аудан әкімінің Құрмет грамотасы: Шерубаева Гүлмира – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің іс жүргізушісі, әлеуметтік қызметкер Абдрасилова Бақытгүл табысталды. Осы салада еңбек жасап жүрген бір топ әлеуметтік қызметкерлерге аудан әкімінің Алғыс хаты табысталды. Мерекелік жиында «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Құлмұхаммет Серікғалыұлы.



Тоқырауын толқындары – өнердің өлмес рухы

Тоқырауын толқындары халықтық ансамблі 50 жылдық мерейтойы аясында гастрольдік сапарын жалғастырып келеді. Жарты ғасырлық тарихы бар ұжым талай жылдар бойы сахна төрінен қазақтың әнін, күйін, биін паш етіп, елдің рухын көтеріп келеді.

28 қазан күні өнер ұжымы шахтерлер қаласы – Қарағанды төрінде керемет концерт қойып, тыңдарманын тамсандырды. Көрермендер тік тұрып қошемет көрсетіп, ыстық ықыластарын білдірді. Халық жүрегінен орын алған өнерпаздарға деген сүйіспеншілік ерекше болды.

Көрермен қауым ансамбльді биіктерге көтеріп келе жатқан аудан әкімдігіне, шығармашылық ұжымның жетекшілеріне, өнер иелеріне және ардагер әншілерге зор алғысын жеткізді.

Келесі күні елорда төрінде, Астана қаласында аудан әкімінің орынбасары Айдос Қуанышбаев пен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Замзагүл Кеңесқызы бастаған делегация арнайы сұхбат беріп, ансамбльдің өнерін көрермен назарына ұсынды.

«Тоқырауын толқындарының» сапары мұнымен тоқтамайды. Қараша айында өнер керуені Балқаш қаласында жалғасын таппақ.

Жарты ғасырлық тарихы бар бұл ансамбль – халықтық өнердің киесі мен күйін, ән мен саздың асыл әуезін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан шығармашылық ұжым.

Өнерпаздарға халықтың зор қошеметі – ең үлкен марапат. Ал, осындай мерейлі шараны ұйымдастырған аудан басшылығына, мәдениет саласының майталмандарына зор алғыс білдіреміз.

Қ.Ақторғай.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «BMT Holding Limited» Жеке компаниясы ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобаның атауы: «Тесіктас» кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 03 желтоқсан сағат 11.00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Орта Дересін ауылында, көш. Орынбек Жаутикова 20.

Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°45'3.62"С, 75°23'9.31"Ш

Нысанның орналасқан жері: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а. о.

Географиялық координаттар: 47°00'30"С, 76°23'00"Ш

Видеоконференция платформасы: ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2vCc0HL9eD6uIUoBshWM3bUvqsMaw.1> Конференция идентификациясы ZOOM: 644 645 7885. Құпия сөз: z84RkY

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «BMT Holding Limited» Жеке компаниясы. Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Астана қ., көш. Қонаева, 12/1, ВП32, 3 қабат, Коворкинг. БСН - 210240900245, тел. 8(777)5833988.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Elementa» ЖШС, БСН:231040011222, мекен-жайы: ҚР, Астана қ., НҰРА ауданы, Қорғалжын тас жолы көшесі, 25 үй, 36 пәтер, тел.: 8 (707) 122-12-99, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсының мекенжайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекен-жайы sevekosfera@inbox.ru және телефон бойынша: 8 (7152) 46-77-56.

Жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда жібере алатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекенжайы: "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 40, 8 (7212)56-81-66.

Объявление

Частная компания «BMT Holding Limited», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к плану горных работ на месторождении «Тесиктас».

Общественные слушания состоятся 03.12.2025 г. в 11:00 часов по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с. Орта Дересин, ул. Орынбека Жаутикова 20.

Территория воздействия: Республика Казахстан, Карагандинская область, Актогайский район.

Географические координаты территории воздействия: (46°45'3.62»С, 75°23'9.31»В)

Адрес расположения объекта: Карагандинская обл., Актогайский район, Ортадересинский с.о.

Географические координаты: 47°00'30"С, 76°23'00"В Платформа для видеоконференции: Zoom <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2vCc0HL9eD6uIUoBshWM3bUvqsMaw.1> Идентификация конференции ZOOM: 644 645 7885. Пароль: z84RkY

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности: Частная

компания «BMT Holding Limited». Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Конаева, д. 12/1, ВП32, 3 этаж, Коворкинг. БИН – 210240900245, тел. 8(777)5833988.

Разработчиком проектной документации является ТОО «Elementa», БИН:231040011222, юр. адрес: РК, г. Астана, НҰРА р-н, ул. шоссе Коргалжын, дом 25, кв 36, тел.: 8 (707) 122-12-99, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru.

Адрес интернет ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу sevekosfera@inbox.ru и по телефону: 8 (7152) 46-77-56.

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, на которые общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области»: expertiza.upr_krg@mail.ru, г.Караганда, ул.Лободы, 40, 8(7212)56-81-66.

AQTOŒAI AJARY

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

раларды дер кезінде қабылдадық. Экономикамыздың әлеуетін сақтай отырып, оны тың серпінмен дамыта түстік. 2019 жылдан бері экономикамыз 16 пайызға өсті, былтыр осы көрсеткіш шамамен 137 трлн теңге, яғни 291 млрд доллар болды. Бұл Қазақстанның біздің аймақтағы ең үлкен экономика екенін көрсетеді. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 47 пайызға артып, 14 400 долларға жетті. Бұл – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Қазақстанның алтын-валюта резервінің көлемі 58 млрд долларға жетті. 7 жылда сыртқы сауда айналымы 83 пайызға артып, бүгінде 142 млрд доллар болды, – деді Президент.

Бұған қоса Мемлекет басшысы ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғырту үшін әртараптандыруға баса мән беріліп отырғанын жеткізді. Әсіресе көлік-тасымал саласы стратегиялық маңызды бағыт ретінде дамып жатыр. Қазақстан Еуразияның басты логистика орталығы, яғни хабы болуы керек. Оған еліміздің әлеуеті жетеді, мүмкіндігіміз де мол. Өткен айда «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл – егемендік кезеңінде салынған ең ірі теміржол құрылысы. Сондай-ақ биыл 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Қытай арқылы ауқымды жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие болдық. Қазіргі халықаралық нарықтағы тұрақсыз ахуалды ескерсек, мұны үлкен жетістік деп айтуға болады. Әуе қатынасы саласындағы табыстарымыз да аз емес. Биыл 36 жаңа әуе рейсі ашылды, олардың ішінде Азия мен Еуропаның ірі қалалары бар. Бірақ бұл жүйені одан әрі дамытуымыз керек. Оның үстіне әуе жолдары арқылы жүк тасымалдау жүйесін де (карго) нығайтуымыз қажет.

Президент елімізде өндіріс те дамып келе жатқанын атап өтті. Бұл саланың өсімі жыл басынан бері 7,5 пайызға жетті. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жакындады. Кәсіпкерлер еліміздегі еңбекке қабілетті азаматтардың жартысына жуығын жұмыспен қамтып отыр. Құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Былтыр Қазақстанда 19 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш, нәтижесінде, мындаған отбасы баспаналы болды. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2,5 есе өсті. Биыл да қамбамыз астыққа толды, 20 млн тоннадан аса бидай жиналды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті артуда, сауда серіктесі ретіндегі беделі нығаюда.– Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет.

Сондықтан біз осы жауапты, құрметті миссияны міндетті түрде орындаймыз. Әлеуметтік стратегиямыз тиімді, әділетті болуы керек. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – өскелең ұрпақ үшін жасалған үлкен қадам. Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет. Сондықтан бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржыны үш есе арттырдық. Ұстаздардың жалақысын екі есе ұлғайттық. Қазіргі таңда қоғамымызда мұғалім мамандығының мәртебесі анағұрлым көтерілді. 1 200 жаңа мектеп аштық. Соның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында көптеген білім ордасы бой көтерді. Ұлттық ғылымды қолдауға да мән беріп отырмыз. Бұл салаға салынған қаражат 5 жылда 5 есе өсті. Шетелдің 33 беделді университеттерінің филиалы ашылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының айтуынша, ұлт саулығын жақсарту

үшін жүйелі шаралар қабылданды. 2020 жылдан бері медицина саласына бөлінетін қаржы 3 есе артты. 927 медицина нысаны ашылды. Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жастан асты.

Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз, онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Кейінгі бес жылда қылмыс саны және көшедегі бұзақылық едәуір азайды, қылмыстық ахуал қатаң бақылауға алынды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары азаюда, еліміздің бұл мәселеге қатысты тәжірибесіне шетелдік сарапшылардың ықпалы күшейді. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік. Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы азаматтарымыздың, әсіресе жастардың басым көпшілігінің қолдауына ие болып, табысты жүзеге асырылып жатыр. Былтырдан бері шамамен 2,8 млн гектар жер тазартылды, 4 млн-нан аса ағаш отырғызылды. Ең бастысы, азаматтарымыздың экологиялық сана-сезімі, бүкіл болмысы өзгере бастады.

Бәсекеге қабілетті ұлттың көші ігері

– Жалпы, барлық салада атқарылған жұмыс өз жемісін беріп жатыр деп айтуға болады. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, өзгерістерді міндетті түрде жалғастырамыз. Биыл еліміздің мерейі өсіп, рухы көтерілген жыл болды. Азаматтарымыз көптеген салада табысқа жетті, жаһандық жарыстарда топ жарды. Оқушыларымыз түрлі халықаралық білім додасынан мыңнан аса медаль иеленді. Үздік спортшыларымыз, соның ішінде боксшылар туымызды биікте желбіретті. Дарынды жастарымыз ұлт өнерін жер жүзіне паш етіп, кеңінен дәріптеп жүр. Жаһан жұрты қазақты рухы биік, көзі ашық, мәдениеті бірегей, зияткер ұлт ретінде тануда. Бұл – жылдар бойы жүргізілген жүйелі және тиімді жұмыстың нәтижесі. Енді осы қарқынды бәсеңдетпей, тек алға қарай қадам басуымыз қажет. Қазақстанымыз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Күшті ел болуы керек. Бұл – жалпыұлттық стратегиялық мақсатымыз, барша азаматқа ортақ міндет, кәсіпкерлі парыз. Озық ел болу үшін біз әлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың қадірін білу қажет. Әсіресе мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. Еліміздің ертеңі – өскелең ұрпақтың қолында. Сондықтан жастарымызды, ең алдымен, Адал азамат етіп тәрбиелеу қажет. Адал азамат дегеніміз – елін, жерін сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат. Еліміздің озық болуы осындай отаншыл, тәртіпті, білімді, мәдениетті, белсенді және ойы ұшқыр жастарға тікелей байланысты. Өз қабілетіне сенетін, көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі, еңбекқор адамның ешкімге тәуелді болмайтынын жас ұрпақ ұғынып өсуі қажет. Әр азаматымыз өз ісіне тиянақты, ұқыпты және жинақы болса, тұтас мемлекет те табысты болмақ, – деді Президент.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек екенімізді алға тартты. Бұл – ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жар-

қын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде ұлы бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық.

– Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты – Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы ретінде мен жеріміздің тұтас-тығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл – менің азаматтық борышым. Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бәріңіз де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қақтығыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Барша елмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз. Қазіргі алмағайып заманда салықалы дипломатия дәстүріне негізделген сыртқы саясатты ұстану айрықша маңызды. Біз мемлекеттердің бәрі өзара тіл табысып, ортақ мәмілеге келе білгені жөн деп санаймыз. Өзара сенім мен құрметті нығайтып, әріптестік қарым-қатынасты дамыту қажет деп есептейміз. Жакында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Мұны зор жетістік деп айтуға болады. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында негізгі халықаралық мәселелерге баса назар аудардым, бірқатар ұсыныс айттым. Әлемде барлық елдің мүддесі ескерілетін әділ халықаралық қатынастар жүйесін орнату керек. Қазақстан дүниежүзі қауымдастығының жауапты әрі ықпалды мүшесі ретінде алдағы уақытта да теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізеді, – Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Президент ауқымды жаңғыру кезеңіне қадам басқанымызды, мақсатымыз баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау екенін айтты.

– Таяуда халыққа арнаған Жолдауымда Парламентті реформалау туралы мәлімдедім. Бұл бастаманы алдын ала жариялауымның өзі еліміздегі саяси үдерістердің ашық жүріп жатқанын көрсетеді. Биліктің заң шығарушы тармағын өзгерту кейінгі жылдары жүзеге асырылған жан-жақты жаңғырудың қисынды жалғасы болмақ. Барлық ұсынысымыз Қазақстанның эволюциялық дамуына қатысты азаматтарымыздың мүддесі мен сұранысына негізделген. Ал еліміз алға жылжып, дамуы керек. Бұған еш күмән жоқ, болуы да мүмкін емес. Жоспарланған өзгерістер Парламенттің құзыреті мен беделін күшейтеді. Конституцияға енгізілетін өзгертулер Парламентке ғана қатысты емес, сондай-ақ Президент, Үкімет туралы бөлімдерді және саяси жүйенің басқа да қырларын қамтиды. Түзетулердің жалпы көлемін және 2022 жылғы конституциялық реформа аясында жүзеге асқан бастамаларды ескерсек, мұны жаңа Конституция қабылдауға барабар іс деуге болады. Әйтсе де Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікке арқа сүйеген мемлекет болып қалуға тиіс екенін атап өткім келеді. Бұл қазіргідей алмағайып заманда еліміздің сенімді келешегіне кепіл болады. Өйткені парламенттік жүйе қауіпсіздік пен тәртіп, тұрақтылық пен даму тұрғысынан өз міндетін толық атқара алмай отыр. Кейбір са-

31 қазан 2025 жыл

рапшылар мен саясаткерсымақтардың ұшқары тұжырымдарына көзсіз еріп, мемлекеттілігімізге қатер төндіруге еш хақымыз жоқ. Саяси бағдарымыз бен қабылдаған нақты шешімдеріміз ұлтымыздың ұзақмерзімді мүддесі мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, елді дамыту қағидаттарын көздейді. Мұны берік ұстанамыз. Жолдауда бір палаталы Парламентті пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақтау қажет екенін ашық айттым. Бір палаталы Парламентті тек партиялық тізім бойынша қалыптастыру партиялардың институционалды негізін нығайтуға септігін тигізеді. Сайлаушылармен жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етеді. Яғни мемлекеттілігімізге пайда әкеледі. Бұл ешқандай кері кету немесе демократиялық қағидаттардан бас тарту емес. Ел қамын ойлап, саяси тұрғыдан салмақтап, осындай ұйғарымға келдім, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Аймақтық деңгейде азаматтар билікпен тікелей әрі тұрақты қарым-қатынас жасайды. Сондықтан жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер белсенді жұмыс істеп, елдің мұң-мұқтажын шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетуге тиіс. Кейінгі жылдары тікелей сайлау институтын айтарлықтай кеңейттік. Әуелі ауыл әкімдерін сайлауды енгіздік, кейін ол аудан, содан соң облыстық маңызы бар қала басшыларын сайлауға ұласты. Сол себепті Қазақстанда ай сайын түрлі электоралды науқан жүріп жатады. Бұл біздің өңірдегі бірегей саяси тәжірибе саналады. Баршамыз осынау істің мақсатқа сай орындалуын бақылап, егер оның жағымсыз салдары болса, шара қабылдау қажет.

– Реформалар – табиғи үдеріс, мұнда артық консерватизмге орын жоқ. Жергілікті мәслихаттарды сайлауда мажоритарлық жүйені сақтау керек деп санаймын. Осы тұста тағы да атап өткім келеді: мемлекеттік маңызы бар кез келген мәселе бойынша шешуші сөзді азаматтарымыз айтуға тиіс. Конституциялық реформа жасалған кезде, сондай-ақ атом стансасын салу мәселесін талқылаған уақытта дәл солай болған. Қазір де солай болмақ. Бұл елімізде жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көрсетеді, яғни бұл – қоғам көкейінде жүрген аса өзекті мәселелерді шешудің жаңа дәстүрі қалыптасып жатыр деген сөз. Азаматтар өз Отанының келешегіне шынайы алаңдап, оның даму жолында аянбай тер төксе, ұлт шын мәнінде егемен елге айналады. Өзге мемлекеттер де оны солай қабылдайды. Тіпті ол бір қарағанда ұсақ іспен айналысқандай көрінгенімен, шын мәнінде, өте маңызды жұмыс атқарса, мысалы, көгалдандырумен, өзі тұратын аумақты тазалаумен шұғылданса, халқадерінше қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағаласа, вандализм мен дөрекі қылықтарға қарсы тұрса, елге пайдасын тигізеді. Өзіне, отбасына, туған еліне жаны ашпатын отандастарымыздың үлкенді-кішілі жетістіктеріне күн сайын куә болып жүрміз. Олар шынайы патриоттығының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Баршаңызға мәлім, жыл сайын азаматтарымыз түрлі салада топ жарады. Бұл халқымыздың жасампаз болмысын паш етеді. Жастарды осындай ізгі амалдар жасауға ынталандырады, ұлттық рухымызды жани түседі, – деді Президент.

Жаһандық озық үрдістерден кейін қалуға болмайды

Мемлекет басшысы атап өткендей, Higgsfield AI стартапы – биылғы айтулы жетістіктердің бірі. Оны Қазақстанның алғашқы «сыңармүйіз» стартапы деуге

(Жалғасы 4-бетте).

AQTOĞAI AJARY

(Соңы. Басы 1-3 беттерде).

болады. Әдетте жаһандық нарықта бір миллиард долларға немесе одан да қымбатқа бағаланған компанияларды осылай атайды. Бұл бірегей жобаның негізі Astana Hub алаңында қаланған болатын. Мұны математика және физика пәндерінен жасөспірімдер арасындағы халықаралық олимпиада жеңімпаздары, дарынды энтузиастар жасады. Осындай мықтыазаматтар—еліміздіңкелешегі.Жас кәсіпкерлер, ғалымдар, инженерлер, IT-мамандар Қазақстанның жаңа элитасын қалыптастыруда. Ал жаңашылдық – ұлттық сипатымыздың маңызды қырына айналды. Демек, мемлекет қолдау көрсетсе, білімді, еңбекқор балаларымыз бен немерелеріміз әлемдік нарықта сұранысқа ие жоғары технологиялық өнімдер жасай алады. Алайда бірлі-жарым табысқа тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан Үкіметке келешегінен үміт күттіретін отандық стартаптардың нарықта лайықты орнын табуына көмектесетін заманауи, тиімді эжөжүйе құру міндеті жүктелді.

– Қазақстан цифрландыру көрсеткіші бойынша дүниежүзілік индекстерде жоғары орындарды иеленеді. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Бірақ, ең бастысы, болдық, толдық деуге болмайды. Әлемдегі ең жоғары талаптарға сай келетін заманауи экономиканы дамыту үшін ғылыми-техникалық прогресті жіті бақылап отыру қажет. Сондықтан цифрландыру мен жасанды интеллектіні жан-жақты енгізуді мемлекет дамуының басым бағыты ретінде белгіледік. Қазақстанның жаһандық озық үрдістерден кейін қалуына болмайды. Әйтпесе, замана көшіне ілесе алмаймыз. Ал оның салдары өскелең ұрпаққа тиюі мүмкін. Жұмыс басталды. Алғашқы ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. «Қазақтелеком» базасында тағы бір суперкомпьютер жұмыс істеп тұр. «AI Sana» бағдарламасы және ауқымды «Alatau City» жобасы қолға алынды. Аталған бағыттағы аса маңызды жұмысты заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр. Стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды үш жыл ішінде толық цифрлық елге айналдыру. Жасанды интеллект пен цифрлық құралдар елімізді өркендету үшін қызмет етуге тиіс. Уақыт оздырмай, білімге негізделген экономика құруға кірісу қажет. Креатив пен инновация – өсімнің арқауы, ал зияткерлік капитал елдің бәсекеге қабілеттілігінің өзегі болуға тиіс. Жасанды интеллект дәуірінде жаңа салалар мен бизнес түрлері міндетті түрде пайда болады. Бұл – ойлы, алғыр жастар үшін нағыз жарқырай көрінетін сәт. Мемлекет пен қоғам жас таланттарды қолдауы керек. Біз мұны міндетті түрде іске асырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.Осы орайда Президент азаматтарды экономикалық патриотизм рухында тәрбиелеу аса маңызды міндет екенін атап өтті. Басқаша айтқанда, кәсіпкерлеріміздің идеялары мен стартаптарына инвестиция құйып, олардың өнімін тұтыну арқылы отандық өндірушілерді қолдаған жөн. Халқымыздың ауызбіршілігі осыдан да көрінеді. Қазір ұлттық нышандарымыз, яғни брендтеріміз көбейіп келеді. Ұлттық өнім дегеніміз – ең алдымен, елімізді бүкіл әлемге паш ету деген сөз. Сондықтан «Made in Qazaqstan» таңбасы сапа мен сенім белгісі болуға тиіс. Біздің тауарларымызға шетел азаматтарының қызығушылығы артып жатыр. Бұл отандық бизнестің өсіп-өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Компанияларымыз жаһандық нарыққа шығып, кәсібін өрістетіп жатыр. Олар Қазақстанды қарқынды дамып келе жатқан озық ел ретінде танытып жатыр.

4

Адал кәсіпкерлерді отаншылдығын нақты іспен көрсетіп жүрген азаматтар деп атаған жөн. Себебі олар табанды еңбекпен көптеген жұмыс орнын ашып, халықтың әл-ауқатын арттыруға мол үлес қосуда. Осындай орта және шағын бизнес өкілдерін қолдау мемлекет саясатының басымдығы болып қала береді.

– Кейінгі кезде маған жаңа Салық кодексіне қатысты көптеген өтініш келіп түсті. Мен Премьер-министрге нақты тапсырмамды бердім. Үкімет арнайы салық режімі бойынша жұмыс істейтін кәсіптердің тізімін бұрынғы қалпында қалдырды. Алдағы уақытта шағын және орта кәсіпті қолдау үшін басқа да шаралар қолданылады. Бизнес салық реформасынан зардап шекпеуге тиіс. Ондай жағдайдың алдын алу үшін Үкімет кәсіпкерлермен сындарлы диалог жүргізуі қажет. Дегенмен экономикалық реформаларды мүлде тоқтатуға болмайды, қаншалықты қиын болса да, оң өзгерістерді міндетті түрде жүзеге асыруымыз керек. Әйтпесе, бәріміз жаппай құлдырауға ұшырауымыз әбден мүмкін. Мемлекет, бизнес және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңсесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада оң қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші – халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл – менің берік ұстанымым, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекет түйткілдерді біртіндеп ше-шіп келеді. Ең маңыздысы – нәтиже, өзімізді жарнамалау емес. Кез келген азамат білімі мен еңбекқорлығының арқасында қабілет-қарымын көрсетіп, іскерлік, шығармашылық немесе мемлекеттік қызметтегі мансабында табысқа жететін орта, қазір жиі айтылатын эжөжүйе қалыптастыруға күш салып жатырмыз.

– Қазақстан талантты, мақсатшыл жандар тұрақтап қалғысы келетін ел қатарына қосылып келеді. Біздің ең басты байлығымыз – білімді, белсенді адамдар. Мен мұны үнемі айтамын әрі қайталаудан жалықпаймын. Әрбір азамат өзінің табысы мен еңбекқорлығы арқылы еліміздің гүлденуіне елеулі үлес қосады. Біз тәртіпке бағынатын отандастарымызды шынайы патриот ретінде дәріптеп, мақтан тұтуымыз керек. Өйткені олар ұлтты ұйыстырады, халқымызды кәсіби және рухани тұрғыдан биіктерді бағындыруға жігерлендіреді. Осылайша, біз бәріміз Қазақстан азаматтарының жасампаз рухын сыйлауымыз керек. Мұндай игі үрдісті жан-жақты қолдау қажет. Ел мүддесі үшін биік мақсаттарға ұмтылыс ұлттық болмысымызға тән қасиет болуы керек. Армандау, алға мақсат қою – өте дұрыс. Алайда қазіргі заман нақты іс-әрекеттің уақыты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан елге пайдалы, болашаққа қажет істермен айналысу керек. Сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі отаншылдық, яғни нағыз патриотизм дегеніміз осы.

Қазір еліміз аса күрделі жолдың басында тұр. Біз бір ел болып, бір-бірімізді қолдауымыз керек, көреалмаушылық, қызғаныш сияқты теріс әдеттерден арылған жөн. Қазақстанды күшті және дамыған озық ел ету – тек өз қолымызда. Оған біздің мүмкіндігіміз де, әлеуетіміз де жетеді: экономикамыз – орнықты, жеріміз – берекелі, жарқын болашаққа деген сеніміміз зор, ал азаматтарымыз, әрине, өте дарынды және қабілетті. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Біз ұлт ретінде биік белестерді бағындырамыз десек, ең алдымен, халқымыздың ауызбіршілігі мықты болуы керек, азаматтарымыз

2

бірін-бірі сыйлап, құрметтеуі қажет. Бір елдің ішінде өмір сүріп, бір жерде тұрып, жанжалға, ұрыс-керіске жол беруге болмайды. Біреудің еңбегін жокқа шығару, не болмаса ой-пікірін келеке ету, басқа адамды қаралау – озық, өркениетті қоғамға жат қылық, тіпті ұят нәрсе, ондай әрекеттер үшін қоғам және заң алдында жауап беруге тура келеді. Ғаламтор желісінде бір тақырыптан басталған талқылау бітпейтін пікірталасқа ұласып кетеді, тіпті бұл құбылыс «аса қауіпті қоғамдық дерт» деген осындай түсінік, ұғым пайда болды. Мұндай дерттен құтылуымыз керек, – деді Президент.

Жұмысшы мамандарын қадірлейтін қоғам құру маңызды

Мемлекетіміздің егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығы – еліміз үшін аса маңызды тарихи меже. Көптеген елдің тарихына қарайтын болсақ, мұндай құжаттар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы сақталады, азаматтық сана-сезімнің мызғымас негізі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Егемендік туралы декларация – мемлекеттігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі.

– Егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айныған емеспіз. Бұл – ең дұрыс стратегия. «Еңбек – берекенің бастауы» деп бекер айтылмаған. Біз адал, бәсекеге қабілетті азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіп, қолдауымыз керек. Жұмысшы мамандарын қадірлейтін қоғам құру маңызды. Елімізде қажырлы еңбегінің арқасында нағыз еңбек адамы атанған азаматтар өте көп, – деген Мемлекет басшысы салтанатты жиынның ортасынан табылған бірқатар азаматтың атын құрметпен атап өтті.

Солардың бірі – Мұрат Кеңесұлы Қаражұманов. Ол 45 жылға жуық табанды еңбек етіп, ауыл шаруашылығын дамытуға зор үлес қосты. Майталман механизатор жас мамандарға жол көрсетіп, мол тәжірибесімен бөлісіп келеді. Бұл салада Қаражұман әулетінің 30-дан аса өкілі жұмыс істейді. Олардың жалпы еңбек өтілі 600 жылдан асады. Мұрат Кеңесұлы Қаражұмановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылданды.

Жалпы, Жұмысшы мамандықтары жылы аясында адал еңбегімен Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген азаматтар марапатталып жатыр. Осы мерекеде Сергей Петрович Чернобайға құрмет көрсетілді. Ол – еңбегі ерен кенші, «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері, отандық көмір өндірісінде аты аңызға айналған тұлға. Еңбеккерлер әулетінен шыққан азамат. Ата-анасы да, жұбайы да, тіпті балалары да өз тағдырын шын мәнінде батыл жандардың қолынан келетін кәсіппен байланыстырған. Өнегелі отбасының жалпы еңбек өтілі 150 жылдан асады. Бұл – жай ғана цифр емес, қажырлы еңбек пен кәсіби сабақтастықтың жылнамасы. Президент Чернобай әулеті ел дамуына өлшеусіз үлес қосып, өз ісіне адалдықтың және нағыз еңбекқор жандардың үлгісі боларына кәміл сенетінін айтты. Бұл ретте Сергей Петрович Чернобайға жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Осы ортада болған тағы бір құрметті азамат – Александр Анатольевич Касицин. Ол – «Еңбек Даңқы» орденінің толық иегері, еңбек жолын қарапайым зоотехниктен бастап, еліміздегі ең озық агроөнеркәсіп шаруашылықтарының бірінің басшысына дейін көтерілген айтулы маман. «Галицкое» серіктестігі ауылды жаңғыртып, еңбеккерлерге

31 қазан 2025 жыл

қамқорлық көрсету арқылы керемет табысқа қол жеткізді. Бұл мерекеде ел алдындағы еңбегі үшін Александр Анатольевич Касицин «Отан» орденімен марапатталды.

Қазақстанның еңбек сіңірген журналисі Сергей Васильевич Харченко – өз ісін жақсы көретін, Отанын шексіз сүйетін жан ретінде көпке үлгі. Белгілі қаламгер, парасатты басшы, дарынды ұстаз мемлекеттің өркендеуіне, отандық журналистиканың дамуына және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Кеше Сергей Васильевич Харченко I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанды.Әйгілі археолог Зейнолла Самашевтың есімі баршаңызға белгілі. Ол өркениетіміздің тендессіз қазынасы саналатын «Берел қорғанын» ашып, оны жан-жақты зерттеуге зор үлес қосты. Бұл жаңалық тарих ғылымын шын мәнінде жаңа деңгейге көтергені сөзсіз. Ал белгілі ғалым, картография зерттеушісі Мұхит-Ардагер Сыдықназаров төл тарихымызды түгендеуге атсалысып келеді. Ұлттық ғылымды өркендетуге сіңірген еңбегін ескере отырып, қос ғалымға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлықты табыстау туралы шешім қабылданды. Осы сыйлық кеше алғаш рет берілді.

II дәрежелі «Барыс» орденімен даңқты спортшы Шавкат Рахмонов марапатталды. Ол еліміздің атын шет мемлекеттерге танытып, мерейін үстем ету жолында тер төгіп жүр. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Ассамблея – берекелі бірлігіміздің мызғымас нышаны, теңдесі жоқ бірегей құрылым. Оның мүшелері елдегі тұрақтылықты нығайту үшін аянбай еңбек етіп жүр. Ал қоғамдағы келісім мен ынтымақты күшейту – нағыз отаншылдық белгісі. Мемлекет басшысы еліміз-дегі бірнеше этно-мәдени орталықтың өкілдеріне «Ел бірлігі» орденін табыстады. Мәдениет – ұлттың рухани дербестігінің кепілі. Сондықтан өмірін өнер жолына арнаған қайраткерлерге әрдайым құрметпен қараймыз. Руханиятымызға ерекше еңбек сіңіргені үшін белгілі өнер майталмандары – Болат Әбділманов, Тамара Асар, Шынар Жанысбекова «Қазақстанның халық әртісі» атағына лайық деп танылды.

Сондай-ақ мәдениет саласын дамытуға зор үлес қосқаны үшін Нина Жмеренецкая, Бақыт Қажыбаев, Зарина Алтынбаева және Әйгерім Алтынбек «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды. Бұған қоса ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге айрықша үлес қосып жатқан Иван Сауэрге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.– Жоғары мемлекеттік марапаттарды халқымыздың шынайы ықыласы және сый-құрметі деп қабылдаңыздар. Әрбір облыста жүздеген лайықты азаматымыз менің Жарлығыммен жоғары мемлекеттік наградамен марапатталады.

Олардың еңбегіне зор ризашылығымды білдіремін. Еліміз үшін ұлт саулығын сақтайтын дәрігердің, саналы ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздың, ауылдағы шаруа мен өндірістегі жұмысшының, яғни әрбір кәсіп иесінің еңбегі айрықша маңызды. Бұл – кез келген өркениетті қоғамға тән мызғымас заңдылық. Мен ұлттық мерекеміз – Республика күні қарсаңында адал еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне атсалысып жүрген әрбір азаматқа шынайы алғысымды айтамын. Елдігіміз еңселі, егемендігіміз баянды болсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Орынбек Өтемұрат,
Мақала “Egemen.kz “сайтынан алынды.

Биылғы жылдың тамызында артына ұлағатты өрнек қалдырған, өз заманының ғана емес, келер ғасыр перзенттерінің бойына қалыптасар адами қасиеттердің өлшемдерін саралап кет-кен ұлы ойшыл – Абай атамыздың 175 жылдығы кең көлемде тойланбақшы. Тақауда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында: “Абайды білу – өзіңді тану. Бүгінде Абайдың сөзі жас ұрпақтың бағдары болуға тиіс”, – деді. Жас ұрпақтың Абайды тануы – болашақтағы ұстар жолын, елін, жерін олардың тарихы мен мәдениетін білуіне жол ашары ақиқат.

Осы танымдарды тілге тиек еткен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Абайдың жастарға қарата айтқан “Сен

Ұлы ақынды әлемге танытқан, сол арқылы өзі әлемдік құбылысқа айналған заманымыздың ұлы суреткері Мұх-тар Омарханұлының 1922 жылы Таш-кентте шығып тұратын “Шолпан” журналының 1-ші санында “...Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Нарманбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басшысы екені даусыз” – деген пікірі бар.

Бірақ, осыдан 73 жыл бұрын айтылған ұлы суреткердің пікірін бүгінгі оқырман мен абайтанушы ғалымдардың сол тұрғыда қабылдап, бас

сұрадың ба? Абай Нарекеңнің:

«Жанашыры, жоқшысы,

Тұсау кесер жақсысы.

Өлең буып қысқанда,

Арқаланар бақсысы» – емес пе?..

Балам, оны қалай аңдамағансың. Өлеңдеріндегі айтылатын ой, сендерше айтқанда мазмұн ғана емес, ұйқас аңдау дағы ұқсастықтарының өзі ұшан-теңіз, бірін-бірі толықтырып отырады ғой. Сөздерінің мәні мен сәні, нәрі мен бары ұқсас, үйлес қой.

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма», – дегенді жалғыз Абай ғана айтып кеткен жоқ қой, мұны Шәкәрім мен Нарманбет те, одан кейінгілер де

ағалы-інілі болып өтті ғой. Замандары бір, өз ортасынан көрген тепіріштері сол – ел бол дегенін ағайындары мен тумаларына тыңдата алмады. Олар осыған күйінді. “Айлас қатын мұңдас” деген ғой, соған зар төкті. Ақындық Алланың пендесіне бұйыртқан үлкен сыйы. Сол сыйды екеуі де көр-жерге жаратпай, құнын түсірмей елдің елдігін көтеруге арнады. Ал екеуінің өлеңдеріндегі өзің сұраған ұқсастықтарын өздерінен ізде. Абайдан екі өлең оқысаң, Нарманбеттен бір өлең оқы, – деген еді. Иә, ақсақал айтқандай Абайдың 1961 жылғы шыққан толық жинағын оқи отырып, ең алғаш “Ақындар мен сөз жарыстыру” деп аталатын бөліміне кезіктім. Онда Нарманбеттің: «...Нәпсі – жел, көңіл – өзен толқын ұрған,


Абайдың ақындық мектебі және Нарманбет

де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан” деген арнауын астарлы түрде жеткізген сөзін өсиет деп түсінемін. Осындай биік ойдан туындаған өнегелі сөздер өріс ала берсе екен деп тілеймін.

Абайдың даналығын осыдан 25 жыл бұрын өткен ЮНЕСКО шеңберіндегі 150 жылдығы бүкіл әлем жұртының мойындауына жол ашты. Ал, биылғы 175 жылдықтың мәні мен мағынасы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жауапты да салмақты, салиқалы болмақшы. Яғни, абайтанудың ауқымы кеңейген үстіне кеңейе бермек.

Абайдың осыншалық дараланып, дана аталуына әрине, оның алдындағы өткен Әл-Фараби, ХІІ ғасырда өмір сүрген Ж. Баласағұннан бастап, орта ғасыр ақындары саналатын Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде Абылай ханның бас идеологы, ұраншысы болған Бұқар жырау, одан кейінгі Дулат, Шортанбай, яғни, өзіне дейін сабақтастықпен жеткен жоғарыдағы ақындарымыздың мұраларынан және елдік пен ездик таразыға түскенде нақты сөзін сөйлеген Өнет баба, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің даналық ұлағаттарынан сусындағаны оның ақындық, адами арнасының бастау бұлағы болғаны анық. Ойлап отырсақ, қай кезеңде болса да ақын өзі өмір сүрген ортадан, қоғам тудырған өзгешеліктерден сыртқары қала алмайды екен. Заманының тынысы мен аяқ алысын өзі қатар ғұмыр кешкен басы жұмыр пенденің тіршілігі, қам-қарекетінен танып түсініп, оның болашағының қандай болатынына барлау жасайтын, жақсысына сүйсініп, жаманына күйзелетін ең сезімтал жандар – ақындар. Ақын сондықтан да «өз заманының барометрі» деп аталады.

Абайдың дана болып қалыптасуы өзі айтқандай, “өлмейтұғын артына сөз қалдырып”, ұрпақтарымен жалғасып, сырласып келе жатқаны жоғарыда аттары аталған ұлылар ұлағатын бойына дарытуы болса, екінші жағынан Шығыс пен Батыстың ойшыл даналары мен ақындарының туындыларын төл еміп, өзінің бағыт-бағдарын, поэзия әлеміндегі жаңалығын сөз таныған қазақ жастарына дарыта білгендігінде, ақындық мектебінің қабырғасын көзі тірісінде қалап, бекітіп кетуінде жатыр.



изеуі де екіталай нәрсе.

Өйткені, біз, Нарманбетті Абайдың шәкірті, ізбасары, інісі деп танимыз. Ал, ұлы суреткер Нарманбетті Абайдан ілгерірек жіберіп, жазба әдебиетті бастаушылардың бірі санайды. Осы бір жайт жөнінде ұлы Мұқаң жаңылыс кетіп, жаңсақ айтқан шығар деп ой түюдің өзі артық. Ұлы суреткер солай дегенмен, Абай – ұлы мұхит. Оның шығармашылық жолы бір әлем екенін көптеген мемлекет мойындай бастады. Әлемді танып түсіну, оның қыры мен сырын толық меңгеру ғасырларға созылатын құбылыстық сипаты бар жұмбақ дүние.

Енді ұлы ақынның ақындық жолын тұтынып, шәкірті болған оның “сырты күміс, іші алтын” туындыларының табиғатын жете танып, одан нәр алғандар қатарында Шәкәрім, Көкбай, Әсет, өз балалары Ақылбай, Мағауия т.б. бар. Солардың қатарында – Нарманбет Орманбетұлының поэзиясындағы Абай үлгісіндегі өрнектерді сөз етуге ойысайын. Осыған орай сәл шегініс жасаймын.

1972 жылдың маусым айында Нарманбет атындағы кеңшардың байырғы тұрғыны, сол кездерде екі көзінен бірдей зағип болып қалған, осы ортаның шежірешісі Аймағанбетұлы Мұхаметжан ақсақалға жолығып, Абай мен Нарманбеттің ақындық ерекшеліктерін, өлең түрін жасаудағы жаңашылдығын сұрағаным бар. Сонда қария:

– А, а, Нарекең мен Абайдың ақындық ұқсастығын, жаңашылдығын

айтқан. Олар сөз ұқпайтын кешцелерге көкірек зарын запыран ретінде сыртқа шығарған. Мынаны тындашы:

«Көзбенен шолып,

Көңілге тоқып,

Түсіне алмай өздерін.

Ит ырылдақ,

Оңшең тыртақ,

Өткізе алмай бөздерін.

Езіп тамсап,

Күйсеп жантақ

Сатып ала көздерін.

Былышылдап қырт,

Айналып сырт,

Өтіп кетті-ау кездерін.

Ел болатын түрің жоқ

Ішің толған нәжіс бөк.

Айтса көнбей,

Шатысып сөнбей,

Бықсып жанған шалаша.

Есің ауып,

Жүрсің шауып,

Қозы қуған балаша.

Ыржиып күліп,

Ішінді бүгіп,

Көрсетпек барын жаңаша.

Барынды мактап,

Жоғынды даттап,

Сыртынан ұлып қараса.

Тозды ғой түсің,

Түсті ғой тісің,

Аузыңды ашып қараса.

Онының өзің білмейсің,

Шатысып бықсып,

Өркімдерді күндейсің», – деп тоқтап қалды. Біраз ойланып барып: “Заманаға кімнің көңілі толған?! Жері шалғай болғанмен Тобықтының екі алыбы

Ми – патша, ақыл – дария кеңес құрған.

Тауықсыз ақыл мақұл болмайды екен,

Білмесең құр суретің бекер тұрған», – деп басталатын бір шумақ өлеңіне Абай былайша түзету енгізіпті:

«Сөз – самал, өлең – дария толқын ұрған,

Ми – патша, ақыл – уәзір, кеңес құрған.

Ғылымсыз ақыл мақұл болмайды екен,

Болмаса құр суретің бекер тұрған».

Сондай-ақ, Абайдың:

«Кемді күн, қызық дәурен, бозбалалық,

Қартаймастай көрмедік, ойланалық.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық

Күлкі баққан бір көрер бейшаралық», – деген өлеңін Нарманбет өзінше жырлап:

«Кемді күн, қызық дәурен,

Бозбалалық,

Бозбалаға талап көп қозғаларлық.

Басында тағылым алсаң жақсыдан ал,

Әр сөзден тиер пайда бір қаралық», – деп өмірге деген түсінігін өзінше білдіреді. Сонымен бірге Абайдың өз аулындағы Қабидолла деген жігіттің ұсақ саудамен байып, кісімсінгенін жақтырмай оған айтқан:

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,

Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.

Бәйтеректі күндейді жетемін деп,

Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.

Күз келген соң тамырын үсік шалып,

Бәйтерекке жете алмай болар жазым.

Мен – дағы көп естідім жастық назын,

Қол жетпеске қол созған бар ма лажын?

Боламын деп жүргенде болат қайтып,

Жалын сөніп, жас жүзін басар әжім,

– деген мысалмен келтірілген өлеңін Нарманбет былайша өзгертіп, өмірге деген танымын:

Қылтиған жазғытұрым бір жауқазын,

Өмірдің қайдан білсін көбін-азын.

Жетем деп бәйтерекке бас тартады,

Аз күнге арқаланып күннің жазын.

Арманда сол жауқазын аз тұрғанға,

Құмға неге шықтым деп саз тұрғанда.

Алды-артын адамзат та бір ойламас,

Алданып аз ғана күн қаз тұрғанға,

– деп білдіреді. Осы келтірілген ұш мысал сөз жоқ, Нарманбеттің оған

(Жалғасы 6-бетте).

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

(Соңы. Басы 5-бетте).

қатты еліктегенін, оның жолын қуып, ізбасары болып өтуіне талаптанғанын танытады. Нарманбет Абайдың үлкен сыншыл-реалистік мектебінен тәрбие ала отырып, оның үлгісімен “Жаратқан бір ие бар”, “Шал қайғысы”, “Ауыл қайғысы”, “Толғауы тоқсан қызыл тіл” деген өлеңдерімен бірге “Кер заман” атты поэмасын жазды. Абай өлеңдерінде қолданылатын сөздер, соған жақын сөз тіркестері Нарманбет өлеңдерінде де көптеп кездеседі. Рухтарының үндесіп, шығармаларының тақырыптас жақын келулері Абай мен Нарманбет басындағы жеке жайлардың ұқсас болғанын, олардың замана тауқыметінің тәлкегін бірдей арқалап өткенін танытады.

“Өзімді алма, сөзімді ал” деген Абай, Алмаса да сөз жазды-ау, талай-талай. Ағаты болса ғапуын өтінемін, “Сен соның інісі едің, деме, пәле-ай” – деп Нарманбеттің өзі Абайдан үлгі алғандығын, оның шәкірті болғанын ашық айтады. Тіпті, осы мектептен тағылым алғандардың көбісі ортақ тақырыпты өздерінше жырлап, сырттай сөз сайысына түсіп отырғанына да куәгер бола алады екенбіз.

...Нарманбет Абай өлеңдеріндегі өрнек түрлерінен үлгі алғанымен оның көлеңкесіне айналмайды. Одан үйрене отырып, өзінше ізденіс жасайды, өлеңнің жаңа түр-өрнектерін табады. Мысалға ақынның мына өлеңін алайық:

...Бір төмендеп,
Екінші өрлеп,
Орта кезде түйісті.
Құшақтасып,
Жүрек басып,
Қысып-қысып сүйісті.
Біраз жатып,
Мейір қатып,
Шерлесуге құмартты.
Майдың айы,
Жоқ ыңғайы,
Қысқа тан.

Екі ғашық,
Мауқын басып,
Шыға алмай кетті-ау, құмардан...
Нарманбет өлең шумақтарын айтайын деген ойына бағындыра өзгертіп отырады. Ақын өлеңдерінің қайсы бірі төрт тармақты болып келсе, кей уақытта өлең шумағы ой ағынына қарай 6,7,8,9,10,11 тармақты аралас буында өлең болып құрылады. Өлеңнің өлшемі мен ұйқасын түрлендіріп, оған жаңа ырғақ береді. Абайдың “Болыс болдым, мінекейінің” тәсілімен жазылған ақынның “Кер заман” поэмасы мен “Ауыл қайғысы” деген өлеңдерінен ұстаз ізін анық аңғарамыз.

Сондай-ақ, ақынның “Шал қайғысы”, “Толғауы тоқсан қызыл тіл” деген өлеңдерінің ұйқас ырғағы бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі болып келеді. Мұның кейбір шумақтары мен ырғақтары Абай үлгісіне жақын болғанымен Нарманбеттің өзіндік ерекшелігін танытатын бөлек түр бар. Мысалға “Шал қайғысын” алайық. Бұл өлеңнің басы Абайдың “Бойы бұлғаң” деген өлеңіне ұқсап басталады да, соңғы жағындағы шумақтары 6 тармақ болып қайталанып отырылады. Әр шумақтың соңындағы 3-ші, 6-шы жолдары бір ұйқаста болып келеді.

Ағайын аңғырт,
Аңдып сырт,
Кетті-ау көңіл тына алмай.
Қайтады-ау мал,
Қажыды-ау шал,
Бір қалыпта тұра алмай.
Ал, «Толғауы тоқсан қызыл тілінде» бұған керсінше, өлеңнің алғашқы 16 жолы 7-8 буынды жыр үлгісімен келіп, соңы Абай өлеңдерінің үлгісіне ауысады. Қазақ өлең үлгісінде бұрыннан бар қара өлең түрін қайта қарау арқылы ақын “Шал қайғысында” мынандай шумақ түрлерін тудырады:
...Құралай алған құс та жоқ,
Бәйге атында нұсқа жоқ.
Жүр табандап желмек жоқ.
Тазы жүр түлкі ала алмай,

Тірсегі тік, сербегі жоқ.

Қара өлең ұйқасында шумақ төрт тармақтан құрылып, 1,2,4 жолдар ұйқасып келсе, мына шумақтардың одан өзгешілігі 1, 2, 3, 5 тармақтары ұйқасып қара өлеңдегідей емес, бір тармақ қосылып – 5 тармақтан құрылған. Және басқа тармақтарға ұйқасы жоқ үшінші тармақ ауыстырылып, төртінші жолға түсірілген. Осы жоғарыда келтірілген мысалдардан біз Нарманбет өлеңнің жаңа түрін іздеп табу жолында көп ізденіс жасап, Абайдың тапқан өлең түрлерін толық меңгеріп, өзі де жаңа өлең формаларын жасай білгенін көреміз. Ол өлеңнің осындай құпия сырларын, жасалу жолын жете игеру арқылы өз шығармаларында 7,8 буынды жыр мен 11 буынды қара өлеңнен басқа жырдың 10-нан аса жаңа түрін қолданған. Нарманбет сөзге шебер, тілге бай, өз өлеңдерінде нақыл, тапқыр сөз, мақал-мәтелдерді орнына келтіріп, қиюластырып қолданудың үлкен шебері болған. Ақын мақал-мәтелдері өзінің өлеңдерінде еркін қолданған.

...Ойнады бала,
Ойнақтар тайлақ.
Жүре ме, жүрмес.
Шошқаны айдап.
Құланды жауыр,
Құл да бауыр
Бола ма?
Болмас.
Мәнзүр айлап,
Қарға орнына,
Қаз жүре ме?
Көпке бахар,
Бере ме?
Бере алмас.
Көкек сайрап.
Гауһар тастар
Кір бола ма?
Су моншақтар
Дүр бола ма?
Ғазиз бастар
Қор бола ма?
Әуелде абзал туса,

31 қазан 2025 жыл

Тәңірім сайлап...
Ақын өлеңдерінің ішінде мақал-мәтелдерді қолданумен қатар, тапқыр шешендік сөздер де көптеп кездеседі. Мұндай өлеңдерінің көпшілігі бейнелі (афоризімді) болып келеді.

...Қызыл алтай, сар балақ,
Сандал тауда түлкі жоқ.
Қызыл шырай, кер қабақ,
Қыз балада күлкі жоқ.
Қызыл борбай ку табақ,
Санатсыз байдың мүлкі жоқ.

Марқұм әдебиет зерттеушісі, қазақ сыншысы, профессор Есмағанбет Ысмайловтың: “Нарманбет тілге бай, сөзге еркін ақындардың бірі. Оның әрбір өзіндік толғауы, сипаттаулары қазақтың маржандай төгіліп отыратын сұлу, өткір сөзіне бөленіп келеді”, – деген пікірі осыған айғақ. Жалпы алғанда, Нарманбет өлеңдерін халыққа түсінікті етіп, тіл тазалығын берік сақтауда үлгі боларлық таза әдеби тілде жазған.

Абай поэзиясының құдіретті құпияларын жете түсініп, толық меңгерген, оның дәстүрін дамытып алға апарушы, өзі де өлең өрнегінің соны түрлерін жасаған замана шындығын сыншылдықпен тебіріне жырлаған ұлы ақын. Қорыта келіп тұсастай алғанда, Абайдың алдындағы ұстаздары мен оның өз ізін қуып ақындық мектебінен тәлім алғандардың артында қалған мұралары жай ғана тарихи-әдеби мұра ғана емес. Ол бүтін бір дәуірдің өсіп-өнген іргелі, көп ғасырлық тарихы бар қазақ деген халықтың шамшырағы, ұрпақтарына қалдырған баға жетпес алтын көмбесі дерлік дүниелер. Ләйім, осы көмбелерге көлеңке түсіріп алмайық.

Аманкелді ТУҒАНБАЙ,
нарманбеттанушы, Қазақстан
Журналистер одағының мүшесі.

(Мақала «Ақтоғай ажары» газетінің мұрағатынан алынды. 2020 жыл 26 маусым).

** Дін – бірліктің діңгегі*

Зайырлы мемлекет – зайырлы қоғам

Зайырлы мемлекет – азаматтардың дін ұстану еркіндігі мен діни мекемелердің мемлекеттен бөлінуін білдіреді. Дін мемлекеттік саясаттан тыс. Қазақ елінде мемлекеттік деңгейдегі ресми дін жоқ. Конституция бойынша діни партия құруға жол берілмеген. Мемлекеттік органдар Конституция негізінде салалық заңдарды басшылыққа алып жұмыс істейді. Қазақстанның әр азаматы ұждан бостандығын пайдаланады. Дін ұстану немесе атеист болу – әркімнің өз еркінде. Елде діни ұстану мен бірлестіктердің жұмысын реттейтін заңдылықтарды мемлекет белгілейді және бақылайды. Дүние жүзінде мемлекеттердің үш түрі бар – теократиялық, атеистік және зайырлы мемлекеттер. Зайырлылық дегеніміз бұл – саясат, ғылым, мәдениет және қоғам. Зайырлы мемлекет дегеніміз азаматтық қоғам өмірінің барлық салаларында діннің үстемдік етпеуін білдіреді. Зайырлы мемлекет азаматтарға наным-сенім бостандығын жариялап, әрбір дінді бірдей ұстануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар діни сенім адам мен мемлекеттің, қоғам мен мемлекеттің ара қатынасын реттемейді. Егер қоғамда дінге негізделген мемлекет орнаса, онда діннің саясатқа араласуы, діни фанатизмнің өршуі қаншалықты қауіпті болса, заңдылық, адам құқықтары мен бостандықтарының аяққа басылуы да соншалықты қауіп туғызады.

Бірінші жағдайда діни фанатизмді туындатса, екінші жағдайда құқықтық нигилизм өріс алады. Зайырлылық ұғымы өзара ынтымақтастық пен түсіністікке, ал зайырлы мемлекет ұғымы заңдылық пен құқыққа негізделгенде ғана мемлекеттік пен ұлттық қауіпсіздіктің берік тұғыры қаланады. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы

мемлекеттің дін саласындағы ашық әрі анық саясатын танытады, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Зайырлылық – дінсіздік немесе дінге қарсы көзқарас емес. Бұл мемлекеттің дінге деген бейтарап ұстанымы. Зайырлы мемлекет пен қоғамның ерекшелігі – олардың құқықтық мемлекет қағидаттарымен үндес келуінде. Зайырлы мемлекет және дәстүрлі діндердің өзара үйлесімділігі ұғымдық тұрғыдағы бүтін жүйені қалыптастырады. Өйткені дін – адамзат мәдениеті мен өркениетінің, әлеуметтік құбылысы болғандықтан, адамзат мәдениеті ұғымымен де тікелей байланысты. Діни ұстаным адам өміріндегі құндылықты, өмір мәні ұстанымында ықпал етеді.

Түйіндеп айтар болсақ, зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адам-сүйгіштік құқығын басшылыққа алуда жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңінен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет – дін наным-сенімі адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқы емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік қатынастарда анықталады.

Мемлекетіміздің зайырлылық қағидаты құқықтық демократиялық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет ретінде дамуының негізгі бағыты болып табылады. Құқықтық мемлекеттің құрылуы зайырлылықтың еліміздің барлық азаматтарының тең құқылығына қамтамасыз ету мақсатынан туындайды.

Гүлнар Елеусізова,
«Ақтоғай ажары» газетінің редакторы.

Еске алу



Бүгінде арамыздан ерте кеткен, тай-құлындай тебісіп, бірге ойнаған, мектеп табалдырығын бірге аттаған класстасымыз, құрдасымыз **Төлегенов Сәбит Теңелұлы** тірі болғанда 30 қазан күні 50 жасқа толар еді.

Сәбит құрдасымыз маңайына мейірім шуағын төгіп тұратын, ортасына сыйлы қашан барсақ та есігін айқара ашып, төрінен орын ұсынатын адал жүректі жан еді. Қанша уақыт өтсе де сенің ақжарқын бейнең, аңқылдаған ақ көңілің, адам баласына жамандық ойламайтынкең жүрегің жадымыздан бір сәт ұмытылар емес. Сенің көрмеген қызығың мен жасамаған жасыңды артыңнан ерген ұрпақтарыңа нәсіп етсін. Жатқан жерің жайлы да жарық болсын. Топырағың торқа, жаның жәннаттан орын алсын. Жатқан жерің жәннаттың төрі болсын, Құрдас-ау топырағың торқа болсын. Иманың мәңгілікке жолдас болып, Аруағың ұрпағыңды қолдап жүрсін.

Сағынышпен еске алушы: 1975 жылғы сыныптастары.

Открылось наследство после смерти Удабаева Умии Нукунулы, 16.05.1963 года рождения умершей 05.06.2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

КУЗ КЕЛДІ – ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Күздің келуімен табиғат өзгеріп, ауа райы салқындайды. Бірде жел, бірде жаңбыр – адам ағзасына едәуір салмақ түсіреді. Осындай мезгілде суық тию мен тұмау ауруларының көбеюі заңдылық. Сондықтан әрбіріміз күзгі маусымда өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Тұмаудың таралу жолдары мен қауіпі

Тұмау – ауа арқылы тез жұғатын вирустық ауру. Ол түшкіру, жөтелу кезінде ауаға тараған тамшылар арқылы немесе науқас ұстаған заттар арқылы жұғады. Көпшілік елемейтін бұлау, шын мәнінде, өте қауіпті. Тұмау асқынып кетсе, бронхит, пневмония, құлақтың қабынуы сияқты ауруларға соқтыруы мүмкін. Кейде адамдар «аздап тұмауратып тұрмын ғой» деп жүріп, өзіне де, өзгеге де қауіп төндіреді. Сондықтан аурудың алғашқы белгілері байқалған сәттен-ақ дәрігерге қаралып, ем қабылдау керек.

Аурудың алдын алу – емнен маңызды

Халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаған. Тұмаудан сақтанудың ең басты шарты – иммунитетті күшейту.

* Дұрыс тамақтаныңыз. Ас мәзіріңізде міндетті түрде жаңа піскен көкөніс, жеміс-жидек, ақуызға бай тағамдар болсын. Қарапайым су ішуді де ұмытпаңыз – ағзадағы токсиндерді шығарып, қорғаныш қабілетін арттырады.

* Дене белсенділігін арттырыңыз. Күн сайын таза ауада серуендеу, жеңіл жаттығулар жасау –

иммунитеттің ең жақсы серігі. Таңертеңгілік серуен немесе кешкі жаяу жүру қан айналымды жақсартады.

* Киімді ауа райына сай киіңіз. Бір сәттік сән үшін жеңіл киініп, суық тигізіп алу – ең жиі қателік. Денені жылы ұстау – тұмауға қарсы ең қарапайым қорғаныс.

* Бөлмені жиі желдетіңіз. Таза ауа мен ыл-ғалды орта – вирустарға жайсыз. Әсіресе мектеп, кеңсе, балабақша сияқты адам көп жиналатын жерлерде бұл ереже маңызды.

* Қолды жиі жуу. Қарапайым, бірақ өте маңызды ереже. Көшеден келген соң, тамақ ішер алдында міндетті түрде қолды сабындап жуу – тұмау вирустарының жолын кеседі.

* Жеткілікті ұйықтаңыз. Түнгі демалыс жеткіліксіз болса, ағза әлсірейді, қорғаныш күші төмендейді. 7–8 сағаттық ұйқы – денсаулық кепілі.

Халықтық ем – табиғи көмекші

Күзгі салқын шақта халық жиі пайдаланатын табиғи өнімдер де ағзаны нығайтады.

- Сарымсақ пен пияз – табиғи антибиотик.
- Бал мен лимон қосылған шай – тамақты жұмсартып, вирусқа қарсы әсер береді.
- Қарақат, итмұрын қайнатпасы – С дәру-меніне бай, иммунитетті арттырады.
- Бұға бұлау жасап, аяққа жылы суға тұз салып шомылу – қан айналымды жақсартады, суық тиюдің алдын алады.

Әлеуметтік желіден алынды.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «BMT Holding Limited» Жеке компаниясы ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобаның атауы: «Тесіктас тау-кен өндіру жоспарына» кешенді экологиялық рұқсат алу үшін құжаттамалар.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 03 желтоқсан сағат 15.00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Орта Дересін ауылында, көш. Орынбек Жаутикова 20.

Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°45'3.62"С, 75°23'9.31"Ш

Нысанның орналасқан жері: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а. о.

Географиялық координаттар: 47°00'30"С, 76°23'00"Ш
Видеоконференция платформасы: ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2vCc0HL9eD6uIUoBshWM3bUvqsMaw.1> Конференция идентификациясы ZOOM: 644 645 7885. Құпия сөз: z84RkY

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «BMT

Holding Limited» Жеке компаниясы. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., көш. Қонаева, 12/1, ВП32, 3 қабат, Коворкинг. БСН - 210240900245, тел. 8(777)5833988.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Elementa» ЖШС, БСН:231040011222, мекен-жайы: ҚР, Астана қ., НҰРА ауданы, Қорғалжын тас жолы көшесі, 25 үй, 36 пәтер, тел.: 8 (707) 122-12-99, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсының мекенжайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекен-жайы sevekofsfera@inbox.ru және телефон бойынша: 8 (7152) 46-77-56.

Жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда жібере алатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекен-жайы: "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 40, 8 (7212)56-81-66

Объявление

Частная компания «BMT Holding Limited», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Материалы для получения комплексного экологического разрешения к «Плану горных работ на месторождении Тесиктас»

Общественные слушания состоятся 03.12.2025 г. в 15:00 часов по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о., с. Орта Дересин, ул. Орынбека Жаутикова 20

Территория воздействия: Республика Казахстан, Карагандинская область, Ақтоғайский район.

Географические координаты территории воз-действия: (46°45'3.62"С, 75°23'9.31"В)

Адрес расположения объекта: Карагандинская обл., Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о.

Географические координаты: 47°00'30"С, 76°23'00"В
Платформа для видеоконференции: Zoom <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2vCc0HL9eD6uIUoBshWM3bUvqsMaw.1> Идентификация конференции ZOOM: 644 645 7885. Пароль: z84RkY

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности: Частная компания «BMT Holding Limited». Адрес: Респуб-лика Казахстан, г. Астана, ул. Конаева, д. 12/1, ВП32, 3 этаж, Коворкинг. БИН – 210240900245, тел. 8(777)5833988.

Разработчиком проектной документации является ТОО «Elementa», БИН:231040011222, юр. адрес: РК, г. Астана, НҰРА р-н, ул. шоссе Коргалжын, дом 25, кв 36, тел.: 8 (707) 122-12-99, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru.

Адрес интернет ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу sevekofsfera@inbox.ru и по телефону: 8 (7152) 46-77-56.

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, на которые общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме: ГУ «Уп-равление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области»: expertiza.upr_krg@mail.ru, г.Караганда, ул.Лободы, 40, 8(7212)56-81-66

Құттықтаймыз!



Құрметті әкеміз –

Күземханов Талгатбек Кәукербекұлы!

Аяулы анамыз – **Балкеева Бақытгүл Орынбекқызы!** Сіздерді өмірдің мәнді де мағыналы белесі – 63 және 64 жасқа толған туған күндеріңізбен, әкеміздің зейнеткерлік жасқа жетуімен шын жүректен құттықтаймыз. Өмір жолдарыңыз өнеге мен парасатқа, мейірім мен еңбектің ізгі қасиеттеріне толы. Біз үшін сіздер – отбасының алтын діңгегі, тірегіміз бен панамыз, ақылыша ата-анамызсыздар. Сіздердің еңбектеріңіз бен төккен маңдай терлеріңіз, бізге көрсеткен тәлімдеріңіз – өміріміздің шамшырағы. Әке – шаңырақтың иесі, асқар тауы, Ана – отбасының жүрегі, иуағы. Сіздер барда үйіміздің іргесі берік, көңіліміз жайлы, жүрегіміз жылы. Алла Тағала екеуіңізге ұзақ өмір, мықты денсаулық, немерелеріңіздің қызығын көрер баянды ғұмыр нәсіп етсін. Бақыт пен береке ордаларыңыздан кетпей, әр күндеріңіз шаттық пен мейірімге толы болсын!

Асқар тауым – әкем, иуақ – анам, Сіздер барда шаттық пен бақ табам. Панамыз, тірегіміз өздеріңіз, Мақтан етем, шүкір деймін, бар аман!

Ізгі тілекпен: балаларыңыз бен немерелеріңіз.



Құрметті Уәлибекова Балғын Ғабденқызы!

Сізді өміріңіздің ерекше белесі – 50 жас мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жас – жинақталған өмірлік тәжірибе мен даналықтың, сабыр мен сұлулықтың, мейірім мен ізгіліктің тұғыры. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, көңіліңізге шаттық пен шүкіршілік тілейміз. Жарқын жүз, жайдары көңіл, жан жылуы ешқашан сөнбесін. Шаңырағыңыз шаттыққа, жүрегіңіз қуанышқа толы болсын. Елуіңіздің әр күні жаңа белестерге жетелесін.

Елу деген – ес тоқтату, есею, Елу деген – елдің жүгін көтеру. Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді, Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Ізгі тілекпен: отбасылық достарыңыз – Ердос-Толғанай, Гүлнар, Әсет-Гүлмира, Жасан-Гүлжан, Коли-Сая, Еркеш-Раушан, Талгат-Айнагүл, Бақытбек-Әсем.

Құрметті Бегімбетова Ботагөз!

Сізді 50 жасқа толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Бүгінгі мерейтой иесіне қажырлы қайрат, күш-қуат, зор денсаулық, тілейміз. Сол денсаулықтың арқасында өмірдің мол несібесін алып, бала-шаға, отбасының, ағайын-туыс, ел-жұртының ортасында бақ-берекелі, ұзақ ғұмыр сүрсе екен дейміз. Мейірімді жүзіңізден иуақ кетпей, айналаңызды шадыман шаттыққа бөлей беруге нәсіп етсін.

Жүрегіңіз осы күнде шаттанып, Балаларыңыз өзіңізбен мақтанып.

Аман-есен ортамызда жүргейсіз, Тоқсан, жүздің шыңдарына аттанып

Құрметпен: отбасылық достарыңыз – Зәмзәгүл, Надира, Ермек-Меруерт, Мамыр-Гүлмира, Абзал-Жазира, Жандос-Анар, Алтай-Жанерке, Қанат-Нұрила.



Құттықтаймыз!



Әулетіміздің үлкені,
аяулы да ардақты әпкеміз
**Байдүйсенова Жангүл
Нұрланбекқызы!**

Сізді асқарлы 60 жасы-ңызбен құттықтаймыз! Келіп жеткен белесіңіз тек қуаныш, бақыт, денсаулық пен сәттілік әкелсін. Әрдайым басқан қадамыңыз қарымды да құтты болсын. «Қарапайым өмір сүрген жан жүз жасайды» деген сөз бар. Мейірімді, жүрегі таза, қиналған сәтте қол ұшын беруге дайын тұратын жанға өмір жасы ұзақ, берекелі болуына шын жүректен тілектеспіз. «Балам – балым, немере – жаным» деген қазақпыз ғой, әулетіңіздің жалғасы боп өсіп келе жатқан немерелеріңіздің қызығына тоймаңыз.

Қайда жүрсең алдыңнан ақ күн тұсын,
Ақ кемеңіз желкенін шаттық бұрсын.
Өмір жасың қаншаға созылса да,
Алдыңнан күтіп тұрсын бақыт құсын.

**Ақ тілек жолдаушылар: анасы – Райхан,
бауырлары – Аманжол-Сая, Зәмзәгүл,
Еркебұлан-Әсем, Руслан-Саламат,
Ағыбай-Ботагөз, Әділет-Әйгерім, Аделья.**



Құрметті әріптесіміз
**Түскеева Мейрамгүл
Құмарқызы!**

Сізді адам өмірінің айтұлы белесі – 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз.

Сізге ақ ниетпен қартай-

мас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жан-ұяңыз бақ пен берекеге толсын. Ұжымда адал еңбеккер, отбасында мейірімді ана, немереге сүйікті әже, аяулы жар бола білген өзіңізге осындай қуанышты күні еңбектің жемісі мен жеңісіне кенеліп, ұзақ ғұмыр кешіңіз. Көгер қуанышыңыз молынан болсын.

Бүгінгі тойларыңыз құтты болсын,
Отбасына ырыс пен бақыт қонсын.
Шаңырағыңыз шаттықтың мекені боп,
Әрқашан той-думанға орта толсын.

**Ақ тілекпен: «Ақтоғай аудандық санитариялық
эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ
ұжымы.**



Мейірбан ана, асыл жар,
немерелеріңіз сүйікті
әжесі **Бегімбетова
Ботагөз!**

Сізді 50 жылдық ме-рейтойыңызбен шын жү-ректен құттықтаймыз!

Бұл – өмірдің ең көркем де, ең кемел шағы. Елу жыл – мол тәжірибе мен даналықтың, сабыр мен парасаттың символы.

Сіз өз мейіріміңізбен, қамқорлығыңызбен, адал еңбегіңізбен барша отбасы үшін үлгі болдыңыз.

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шат күлкі мен баянды бақыт тілейміз. Алдыңыздағы әр күніңіз қуаныш пен жақсылыққа толы болып, балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, аман-есен ғұмыр кешіңіз.

Мерейтойыңыз құтты болсын!

**Ақ тілекпен: анасы – Рысжан, жолдасы – Сайран,
балалары – Абылай-Әсел, Азат-Арай, Диас,
немерелері – Медина, Елдана, Арсен, Нурислам,
Ахмедияр, Көзайым.**

Құттықтаймыз!



Құрметті құрдасымыз
**Сагындықова Назира
Сәнекеқызы!**

60 жас – адамның ке-меліне келіп, алдыңғы толқын әпкелерінің ізін басып, кейінгі толқын сің-лілері құрмет көрсетіп, іл-типат танытатын, бала мақсат еттіңіз. Сол еңбегіңіздің жемістері қазір елі-міздің әр саласында өз қолтаңбаларын қалдыруда. Сіз-ге зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, ашық аспан, таусылмас бақыт тілейміз.

60 деген шығатын бір асқар шың,

Тілейміз жақсылықты басыңа мың.

Жылыта бер жан-жағыңды жылуыңмен,

Шалмасын жүзіңізді ешқашан шалмасын мұң.

**Ізгі ниетпен: құрдастарыңыз – Зәуреш,
Серік-Зайдагүл, Өрік-Қарлығаш, Ұзақ-Айгүл,
Жанболат-Марзия, Қойшыбай-Айгүл,
Жанайдар-Жаухар, Қанат-Алкен, Рахман-Алмагүл.**



Ардақты әпкеміз
Назира Сәнекеқызына!

Алтыс жасыңыз құтты болсын, асыл әпкеміз! Бұл жас – өмірдің ең кемел, ең шуақты белесі. Сіз бұл биікке адал еңбегіңізбен, ақжарқын мінезіңізбен, адамдық қасиетіңізбен жеттіңіз. Туған жеріңіз – киелі Ақтоғай. Сол өңір-дің ұрпағы ретінде сіз де еңбегіңізбен елге қадірлі, ағайынға сыйлы болып отырсыз. Мектептегі талай жылғы еңбегіңізбен талай ұрпақтың жүрегінде із қалдырдыңыз. Өз ісіңізге ұқыпты, жасауы, көпшіл, бауырмал, кең пейілдісіз. Кішілерге қамқор, үлкендерге ізетті, ағайын мен көршіге мейірімді болмысыңыз бәрімізге үлгі. Немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Шаңырағыңыздан шат-тық пен күлкі кетпесін. Деніңіз сау, жаныңыз тыныш, өміріңіз ұзақ болсын, ардақты әпкем!

Бүгін сенің туған күнің, жібегім.

Бауырға адал, ашық сенің жүрегің.

Өміріңнің талтүсіне жетіпсін,

Аман жүрші ортамызда, тілегім!

Төрт құбылаң түгел болсын дер едім,

Жан бауырым, сені жақсы көремін.

Аңылдаған көңіліңмен кіршіксіз,

Үлкен үйді шуақ-нұрға бөледің!

Ізгі тілекпен: әпке-жезде, бауырларыңыз.

Құрметті құдағиымыз
**Сагындықова Назира
Сәнекеқызы!**

Сізді 60 жасқа келген мерейжасыңызбен құттық-таймыз. Сізге ұзақ өмір, мықты денсаулық тілейміз. Асқар белесте жүзіңіз нұрға бөленіп, айтулы арман, ізгі тілектеріңіз орындалып, әлі талай биіктерге аман-есен жете беруіңізге тілектеспіз. Әр күніңіз думанды болып, келешек сізге тек бақытын, шаттық шуағын сыйласын. Бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында бақытты ғұмыр кешіп, ғасыр әже атаныңыз, жанұялық бақыт пен таусылмайтын қуаныштар тілейміз.

Бұтақ жайып көгеріңіз, жайынаңыз,

Шөбереге төрден орын сайлаңыз.

Бала-шаға қызығына кенеліп,

Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ізгі ниетпен: құда-құдағиыңыз – Сейт-Света.



Құттықтаймыз!



Құрметті құдамыз
**Сібақов Мейрам
Тұрсынбекұлы!**

Жүйрік ақаттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі-70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

Сізге денсаулығыңыз күй-лі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор бол-сын. Алланың парыз еткен әр күні бала-шаға, неме-релердің арасында Сақып құдағиымыз екеуіңіз тек қуа-ныштарына, тәтті өмірдің бақытына бөленіп жүре беріңіздер.

Құтты болсын 70 жасыңыз,

Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.

Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,

Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз.

Балалардың арасында жүріңіз,

Шаттық нардан анық басып жүріңіз.

Тілек еттік шын жүректен бәріміз,

Мықты болып ұзақ ғұмыр сүріңіз.

**Ізгі тілекпен: құда-құдағиыңыз – Қанат-Мағираш,
Нұрлат-Шолпан, Айдос-Жұлдыз, Мақсат-Зарина,
Тілек.**

Құрметті көршіміз
**Сібақов Мейрам
Тұрсынбекұлы !**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жү-ректен құттықтаймыз!

Талай жыл бір аулада аралас-құралас болып өмір сүріп, туысқандай болып кеткен осынау аб-зал жанға келіп жеткен мерейжасыңыз құтты бо-лып, көңіліңіз шалқып, таси берсін дейміз. Бала-шаға, немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Қашанда жүзіңізден нұрлы шуақ сезіліп, гиб-рат болар бақытты күндеріңіз көбейіп, ағарып атқан таңды, арайлы әрбір күнді амандық-саулықта қарсы ала бергейсіз.

Күннен-күнге көріңіз тек бақытты,

Әрбір белес болсыншы мол шуақты.

Күмбір күйге тербеліп көңіліңіз,

Шаттық әлем баурасын шаңырақты.

**Ақ ниетпен: көршілеріңіз – Саттарбек-Айтгүл,
Нұрлан-Айгүл, Қуаныш-Мамық, Қанат-Дина,
Саят-Жанат, Ардақ, Мұратбек-Бақша, Қайыр,
Қуандық-Бибігүл, Төлеген-Гаухар, Тілеуберлі-Айнаш,
Нариман-Жанар, Арман-Әсел.**

Құрметті көршіміз
**Күземханов Талғатбек
Кәукербекұлы!**

Сізді зейнеткерлік әрі Пай-ғамбар жасы 63-ке толған меншікті мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық,

қажымас қайрат, отба-сылық бақыт тілейміз.

Балаларыңыз бен немереле-ріңіздің ортасында құдай

қосқан қосағыңызбен бірге ұзақ ғұмыр жасап, шөбе-ренің қолынан май жалаңыздар. Осы қалпыңыздан таймай, әлі де биік белес, асқар асулардан аса беруге жазсың.

Мерейлі жас көркем жырмен көмкерілсін,

Арман-мұрат құлиыныспен еңсерілсін.

Дархан өмір ізгілігі бір үзілмей,

Ертеңгі күн мол шаттығын ала келсін.

**Ақ тілекпен: көршілеріңіз – Байзақ, Төлеухан,
Түсіпбай, Ырзық, Өрік, Ғайни, Бауыржан,
Наурызбай, Нұрғазы, Ғибрат, Нұртай, Талғат,
Жанат, Дәурен, Алмас, Аңсаған, Елдос, Айнұр,
Ертик, Сайран, Рахат.**



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС**

**Қазақстан Республикасы ақпарат және
даму Министрлігінде 2020 жылдың 10
қаңтарында қайта тіркелді.**

Тіркеу куәлігі: KZ94VPY00019192

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.**

Таралымы 1020 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,
87770498986**



**Электрондық пошта aktogai_red @
mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.**

